



**ЖШС «Али-Аяулым» бөбекжай балабақшасы**

***Өндірістік  
кеңес хаттамалары***

**2023-2024оқу жылы**

## ЖШС «Али-Аялым» бөбекжай балабақшасы

№1 өндірістік кеңестің хаттамасы

05.09.2023 ж

Қатысқандар саны- 8

### Күн тәртібі:

1. Балабақшаның ішкі еңбек тәртіп ережелері мен қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін бекіту.
2. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау жүргізу
3. Балаларды тамақтандырудың ұйымдастырылуы
4. Қызметкерлердің штаттық бірлік кестесін бекіту

**1.Тыңдалды** балабақшаның меңгерушісі А.Тагаева қызметкерлерді Ішкі еңбек тәртіп ережелермен таныстырды. Бұл ережелер Қазақстан Республикасының заңнамаларының талаптарына сәйкес бағытталған. Жұмысқа қабылдау және босату кезінде екі тараптан жасалынатын жұмыстарды қызметкерлер білуі тиіс. Әрбір қызметкер өзінің құқықтарын, міндеттерін, санитария талаптарын және техника қауіпсіздік ережелерін білуі керек. Мектепке дейінгі мекеме қызметкерлерінің міндеттері: еңбек тәртібін сақтау, адал жұмыс істеу, белгіленген мерзімінде медициналық байқаудан өту, этикалық жүріс-тұрыс нормаларын сақтау, ата-аналармен, балалармен қарым-қатынаста зейінді және ықыласты болуы, құжаттаманы өз уақытында толтыруы керектігін түсіндірді. Егер ішкі еңбек тәртіп ережелерін бұзғанда берілетін ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс және жұмыстан босату тәртіптік шаралар қолданылатынын айтты. Жұмыс уақыты бекітілген ішкі еңбек тәртіп ережелері жүргізілетінін ескертті.

Балабақша әдіскері А.Тагаева тәртіп әрбір қызметкердің тиімді жұмыс істеу үшін беріліп отырғанын сөз етіп, орындауымыз керек деп ойлайтынын айтты. Барлығы өз пікірлерін ортаға салып, бірауыздан мақұлдады.

Сонымен бірге балабақша меңгерушісі А.Тагаева қызметкерлердің лауазымдық міндеттерімен таныстырды. Әрбір қызметкерге лауазымдық міндеттері жазылған парақшалары таратылып беріліп, орындау керек екенін айтты.. Балабақша қызметкерлері өздеріне қойылған лауазымдық міндеттерімен танысып, толық орындайтындықтарын , әсіресе, балалардың өмірі үшін жауап беретіндіктерін терең сезінетіндіктерін айтты.

Меңгеруші балабақша мейірбикесі Ж.Айтова өз міндеттерін орындауда барлық қызметкерлермен тығыз байланыста болуы керектігін, тәрбиешілер мейірбикелермен бірлесе отырып, сауықтыру шараларын жүргізеді, баланың денсаулығын дамытатын ең негізгісі баланың өмірі мен денсаулығына жауап беретінін ескертті. Сондықтан барлық қызметкерлер лауазымдық міндеттерін бұлжытпай орындауы тиіс екенін айтты.

Қызметкерлер лауазымдық міндеттерімен танысып, орындайтындықтарын білдірді, қолын қойды.

**2.Тыңдалды** Балабақша меңгерушінің А.Тагаеваның «Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау» жүргізді. Ата-аналар бізге өмірлерінің ең қымбатты байлығы балаларын сеніп тапсырған соң біз олардың өміріне, денсаулығына жауаптымыз. Балаларды қадағалаусыз қалдырмау және қауіпсіздік ережелерін біліп сақтауымыз керектігін айта келе қызметкерлерге балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау туралы нұсқаулықты таратып, таныстырып өтті.

Балабақша қызметкерлері танысып, толық орындауға уәде берді.

**3.Тындалды** балаларды тамақтандырудың ұйымдастырылуы жөнінде балабақша меңгерушісі А.Тагаева баланың дұрыс тамақтанудың ұйымдастырылуы, оның денсаулығына зор ықпалын тигізетінін сол себепті толыққанды тамақтану рационын құру, құрамында пайдалы дәрумендер мен минералдарға бай әртүрлі тағамдарды қолдану тсс.мәселелерді түсіндірді.

Сондай ақ ақуыздар мен майлардың көп бөлігін балалар түс кезінде алады. Майлар мен ақуыздар өсіп келе жатқан ағзаның құрылыс материалы болып табылады. Ағзаға ақуыз жетпеген жағдайда бойдың өсуі мен дамуы баяулайды, иммунитет төмендейді, ақыл-ой жұмысы нашарлайды. Сондықтан да, ақуыз мектеп жасына дейінгі баланың тағамына енгізіліп отыруы қажет. Тағамның әр түрлі болғаны маңызды, сол ғана оның пайдасын арттыратынын айтып, мейірбике Ж.Айтоваға 10 күндік ас мәзірін құруды тапсырды.

**4.Тындалды** балабақша есепшісі қызметкерлердің штаттық бірлік кестесін бекіту үшін комиссия құрылып, бекітілген штат кестесімен таныстырды қызметкерлер комиссия құрамына толық сенетіндіктерін айтып, келісім берді.

**Шешімі:**

- 1.Балабақшаның ішкі еңбек тәртібі ережесі таныстырылсын, қатаң сақталсын. Қызметкерлердің лауазымдық міндеттері бекітілсін.
- 2.Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқаулығы таныстырылсын, нұсқаулық ережелері толыққанды орындалсын.
3. Балаларды тамақтандырудың ұйымдастырылуы үшін 10 күндік ас мәзірі құрылсын, дұрыс тамақтандыру ісі қадағалансын. Жауапты Ж.Айтова
4. Қызметкерлердің штаттық бірлік кестесі бекітілсін.

Кеңес төрайымы:

А.Тагаева

Хатшысы:

А.Токқұлиева



# ЖШС «Али-Аяулым» бөбекжай балабақшасы

## № 2 өндірістік кеңестің хаттамасы

01.11.2023 ж

Қатысқандар саны-8

### Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Балабақшаның қысқы жылу мерзіміне дайындығы, топтарға жылудың берілуі мен сақталуы.
3. Қызметкерлердің демалыс кестесін талқылау және бекіту
4. Жаңа жыл мерекесіне дайындық

**1.Тыңдалды** өткен кеңестің шешімдерінің орындалуына балабақша меңгерушісі А.П.Тагаева тоқталды. Қызметкерлер ішкі еңбек тәртібі, лауазымдық міндеттеріне сай жұмыс істеп жатқанын айтып өтті. Сонымен бірге меңгеруші А.Тагаева балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау нұсқаулығы бойынша тәрбиешілер мен көмекшілері толыққанды жұмыс істеп жатқанын, балабақшада тосын жағдай орын алмағанын айтып өтті. Мейірбике Ж.Айтова балабақшаның күзгі-қысқы мерзімге 10 күндік ас мәзірі жасалып, бекітіліп сол бойынша балалар тамағы жасалып жатырғанын, бала тамағы сақталуы, дайындалуы талапқа сай екенін айтып өтті. Балабақша меңгерушісі А.Тагаева өткен кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық деп қорытындылады.

**2.Тыңдалды** шаруа меңгерушісі және медбикесі Ж.Айтова «Балабақшаның қысқы жылу мерзіміне дайындығы, топтарға жылудың берілуімен сақталуы» мәліметі. Балабақша қыс мерзіміне дайын. Жылу жүйесіндегі ақаулар жөнделіп, мұржалар тексеруден өткізіліп пештер қысыммен тексерілді. . Барлық топ 20-22<sup>0</sup> С қалыпты температура сақталуда екенін айтты. Меңгеруші А.Тагаева жылу беру маусымына байланысты өт жағушыларды, педагог және ішкі қызметкерлер арасында өрт және техника қауіпсіздігін сақтау үшін арнайы нұсқаулықтармен таныстырды.

**3.Тыңдалды** меңгеруші А.Тагаева қызметкерлердің демалыс кестесін талқылау және бекіту туралы мәліметімен таныстырды. Барлық қызметкерлер дайындалған кестеге қанағаттанатындықтарын білдірді.

**4.Тыңдалды** Жаңа жыл мерекесіне дайындық

Балабақшада жаңа жыл мерекесін өткізуде өрт қауіпсіздігінің қандай шаралары сақтау керектігі жайлы меңгеруші А.Тагаева сөз етті. Жылдың 20 желтоқсаннан бастап, музыка залында өрт қауіпсіздік шаралары сақтай отырып жасалды, шырша орнатылатынын айтты. Ата-аналарға топ жиналыстарында жазатайым оқиғалар болдырмау мақсатында жадынамалар таныстырылсын. Балалар жүретін жолдарда өрт сөндіргіш құралдары жабдықталуын сөз етті. Жаңа жыл мерекесін өткізу үшін қауіпсіздік пен тәртіп ережелеріне кезекшілік ұйымдастырылды. Медбикеге алғашқы көмек көрсету қобдишаларын дайындап қоюы керек екендіктерін ескертті.

Шешімі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық
2. Балабақшаның қысқы жылу мерзіміне дайындығы қанағаттанарлық
3. Қызметкерлердің демалыс кестесі бекітілсін.
4. Жаңа жыл мерекесінде қауіпсіздік шаралар күшейтілсін.

Кеңес төрайымы:

А. Тагаева

Хатшысы:

А. Токқулиева



## ЖШС «Али-Аяулым» бөбекжай балабақшасы

### №3 өндірістік кеңестің хаттамасы

19.01.2024 ж

Қатысқандар саны-15

#### Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Топтардағы санитарлық эпидемиологиялық нормалардың орындалуы
3. Акция: «Гүлді алея» (ата-аналармен бірге гүлдер отырғызу)
4. Әртүрлі мәселелер

**1.Тыңдалды** балабақшаның өткен кеңестің қаулылығының орындалуы туралы есебі. Балабақшада жылу жыл бойы қалыпты 22-24<sup>0</sup> С болғанын, балалардың еркін жүріп-тұруына толық жағдай жасалғанын айтып өтті. Жылу жүйесінде ешқандай ақау орын алмағанын айтып өтті. Сонымен бірге балабақшада мерекелер кезінде жауапкершілікпен ұжым жұмылдырылғаннан тосын жағдайлар болмағанын айтып өтті.

**2.Тыңдалды** балабақша мейірбикесі Ж.Айтова топтардағы санитарлық эпидемиологиялық нормалардың орындалуы туралы есеп берді. Балабақша ішінде тазалық шаралары күнделікті жүргізіліп жатқанын, балалар қолдануына керекті заттардың жүйелі жарамсыздығы тексеріліп отырғанын айтып өтті.

Мектепке дейінгі ұйымдардың үй-жайларын жабдықтауға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар бойынша топтардың саяжайлары, жеміс бақшасы бар. Ондағы құралдар балалардың ойнап тұруына сай етіп орналастырылған. Сонымен бірге топ бөлмелері табиғи жолмен желдетіледі, ойыншықтар мен ыдыстар талапқа сай тазартылып отырғанын, кварцтеу өз уақытында өткізіліп отырғанын айтып өтті.

Дей тұрғанмен көмекші тәрбиеші жұмыстарында орын алған кемшіліктерді де айтып, қызметкерлерді өз ісіне жауапкершілікпен қарауды ұсынды. Қызметкерлер толық келісім берді.

**3.Тыңдалды** балабақша меңгерушісі А.Тагаева «Гүлді алея» акциясын өткізу туралы ұсыныс берді. Ата-аналармен бірге балабақша бөлмелеріндегі табиғат бұрышына гүлдерді отырғызу жайлы айтты. Гүлдер ауаны тазартып, балаларды күнделікті еңбекке баулы керектігін атап өтті. Сондықтан топтарды гүлдендіру үшін ата-аналарды тарту, балалардың эстетикалық жағынан әсемделген топтарда жүріп тұруы олар үшін де жақсы екенін айтып өтті. Сонымен бірге көктемде балабақша ауласын әр топ өз учаскелерін әсемдеулері, кішкене алаңдарға балалармен гүлдер отырғызып, оларға күтім жасау керектігін айтып өтті. Топтар мен алаңдарға керекті құралдардың тізімін жасап құрылтайшыға ұсыну керектігін айтып өтті.

Қызметкерлер толық келісім берді.

**4.Тыңдалды** меңгеруші А.Тагаева қыс мезгілі балаларды далада уақытымен шығарып, серуендету денсаулыққа пайдалы екеніне тоқталып, балабақшаның тазалығы және тәртібі жайлы ескертулер берілді. Демалыс кездерінде балабақша қауіпсіздігіне күзетшілердің жауаптылығы тапсырылды. Аула тазалаушыға өз міндеттері ескертілді.



## ЖШС «Али-Аяулым» бөбекжай балабақшасы

№ 4 өндірістік кеңестің хаттамасы

30.03.2024 ж

Қатысқандар саны-14

### Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Жазғы сауықтыру шараларын талқылау және бекіту
3. Жазғы мезгілде балалардың өмірімен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулық
4. Өрт қауіпсіздігі техникасын сақтау

**1.Тыңдалды** балабақшада өткен кеңестің қаулыларының орындалуы туралы есебі. Топтардағы табиғат бұрышы, аулалары көшеттермен толықтырылды, ағаштар түптері әктелді, алаңдарға гүл көшеттері отырғызылып, оларға күтім жасалып жатқанын айтып өтті.

Мейірбике Ж.Айтова топтардағы санитарлық эпидемиологиялық нормалардың орындалуы бойынша айтылған кемшіліктер орындалғанын, тазалық жұмыстары толыққанды жүргізіліп жатқанын айтып өтті.

**2.Тыңдалды** Жазғы сауықтыру шаралары туралы тәрбиешілер, медбике және әдіскер өз жұмыс жоспарлары мен таныстырып өтті. №5 педагогикалық кеңесте бекітілген жазғы сауықтыру іс шаралар жоспарымен кіші қызметкерлерді таныстырды.. Бекітілген іс шара жоспары бойынша «Доп» мерекесін, «Нептун» мерекесін, «Гүлдер» мерекесін, «Қала үстіндегі әсем шарлар» және «Спорт күні» мерекелерін өткізетіндіктерін айтып, қаржылай көмек керектігін айтып өтті

Меңгеруші А.П.Тагаева керекті құралдармен толық қамтамасыз ететіндігін білдірді. Медбике Ж.Айтова «Жұқпалы ауруларға қарсы» кеңестерін, «Тамақтану туралы» ескертулерін және балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу жоспарларымен таныстырды.

**3.Тыңдалды** балабақша меңгерушісі А.Тагаева балалардың жаз мезгілінде денсаулығы мен өмірін қорғау нұсқаулығымен таныстырды. Әрбір қызметкер баланың өміріне жауапты. Мекеме ғимараттары, ойын алаңы мен атракциондары өз мезгілінде тексеріліп тұру керек. Тәрбиешілер мен күтушілер жаз мезгілінде балаларды құммен ойнауда, бассейнге шомылуда қауіпсіздік ережелерін сақтауға тиіс. Сонымен қатар, серуенге әрбір ойын алаңын алдын ала тексеріп шығуы керек. Жаз мезгілінде жұқпалы аурулардың көбейетінін айта келе меңгеруші қызметкерлерді нұсқаулықты қатаң орындауды талап етті.

Қызметкерлер толық келісім берді .

Пікір білдірді Балабақша медбикесі Ж.Айтова сөз алып, балалардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жайттарды жою және алдын алу шаралары ай сайын жүргізілетіндіктерін сөз етті.

**4.Тыңдалды** меңгеруші А.Тагаева өрт қауіпсіздігі техникасын сақтау туралы түсіндіру жұмысын өткізді. Асхана қызметкерлері мен шаруа меңгерушісіне жұмыстарын толыққанды жүргізуді ұсынды.

Қызметкерлер келісім берді.

